

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамдағы және оның еншілес ұйымдарындағы
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі
өндірістік кеңес туралы
үлгі ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Ұйымда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы үлгі ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды қоса алғанда, жұмыс беруші өкілдерінің, қызметкерлер өкілдерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу және қызметкерлердің денсаулығын сақтау жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын жүзеге асыру үшін әзірленген.

2. Кәсіпорында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес (бұдан әрі – Кеңес) жұмыс берушінің және (немесе) қызметкерлердің немесе оның өкілдерінің жазбаша ұсынысы бойынша құрылады.

3. Кеңес ұйымдағы еңбекті қорғауды басқару жүйесінің құрамдас бөлігі, сондай-ақ қызметкерлердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы ұйымды басқаруға қатысу нысандарының бірі болып табылады.

Кеңес филиалдың бірінші басшысының (директорының) тікелей бағынысында болады.

4. Ереже Кеңестің негізгі міндеттерін, функцияларын және құқықтарын көздейді.

5. Кеңестің құрамына паритетті негізде Жұмыс берушінің өкілдері, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды қоса алғанда, «Темір жол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіподақ одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподақ) қызметкерлерінің салалық кәсіподақ ұйымының өкілдері кіреді.

6. Кеңестің құрамы Жұмыс беруші мен қызметкерлердің өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі.

7. Кеңестің шешімдері Жұмыс беруші мен қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

8. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды Кәсіподақ, ал ол болмаған жағдайда – ұйым қызметкерлері ішінен қызметкерлердің жалпы жиналысы, онда қызметкерлердің кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда, көпшілік дауыспен сайлайды.

9. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың сандық құрамы Кеңестің шешімімен бекітіледі.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері және олардың бақылауды жүзеге асыру тәртібі «Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы» үлгі ережеде белгіленеді.

10. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кем дегенде бір рет өткізіледі.

Кеңестің, оның мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету (міндеттерді орындау, оқудан өту және т.б. уақытқа негізгі жұмыстан босату) Кеңестің шешімімен белгіленеді.

11. Кеңес мүшелері жүктелген міндеттерді орындау үшін кем дегенде үш жылда бір рет жұмыс берушінің қаражаты есебінен тиісті білім беру ұйымдарындағы біліктілікті арттыру курстарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан және білімдерін тексеруден өтеді.

12. Кеңес өз жұмысында еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен, қадағалау және бақылау функцияларын жүзеге асыратын басқа да мемлекеттік органдармен, ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметімен және шарттық негізде тартылатын мамандармен (өндірістің өзіне тән ерекшелігі мен салалық ерекшеліктерін ескере отырып) өзара әрекеттеседі.

Тартылған мамандардың қызметі мен еңбекақысы Кеңестің шешімімен регламенттеледі.

1. Мақсаттары мен міндеттері

13. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің мақсаттары:

1) Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің және ЕҰ бірінші басшыларын өнеркәсіп қауіпсіздігі мәселелері бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдауға кеңінен және тікелей тарту;

2) барлық жұмыстарды орындау кезінде жеке жауапкершілік пен өзін-өзі бақылауды сезінуге апаратын өнеркәсіп қауіпсіздігі мәдениетін енгізу үшін жағдайлар жасау.

Кеңестің міндеттері:

1) ӨҚ деңгейін арттыруға бағытталған жұмысқа барлық персоналды тарту процесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) өнеркәсіп қауіпсіздігі мәселелері бойынша ақпараттың ашық жүйесін және жан-жақты алмасуды енгізу және қолдау;

3) ӨҚ бойынша жаңа тәсілдер мен нормативтік құжаттарды енгізу мен олардың жұмыс істеуі бойынша бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

4) Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің және ЕҰ басшыларының ӨҚ саласындағы заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтаудағы тәртібі мен нақты жауапкершілігінің деңгейін арттыру;

5) ӨҚ саласындағы үздік дүниежүзілік тәжірибені зерделеу және талқылау, оны басқарудың мінез-құлық аспектілеріне ерекше назар аудару және Компания мен ЕҰ стратегиялық шешімдері мен бағыттарын қабылдау;

6) қауіпсіздік мәселелерін үздіксіз жақсарту үшін Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің және ЕҰ жұмыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тәртіпті нығайту және өндіріс мәдениетін арттыру жөніндегі қызметін үйлестіру;

7) қызметкерлер мен басшылардың ӨҚ саласындағы қауіпсіз мінез-құлықты

уәждемелеу және өнеркәсіп қауіпсіздігін жақсартуға үлес қосқан қызметкерлерді көтермелеу жүйесін енгізу және қолдап отыру;

8) өңірлік деңгейде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер жұмысының тиімділігінің мониторингін жүргізу;

9) Кәсіпорында бар тәуекелдерді жоюға және азайтуға бағытталған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жаңа бастамаларды іске асыру қажеттілігі туралы шешімдер қабылдау;

10) ӨҚ басқару жүйесінің жұмыс істеуі тиімділігін талдау болып табылады.

3. Функциялары

14. Кеңес, негізгі міндеттерге сәйкес, төмендегі функцияларды:

1) жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау күйін тексеруді ұйымдастыруды, еңбекті қорғау мәселелерін шешу үшін жұмыс берушіге тиісті ұсыныстар дайындауды;

2) Жұмыс берушінің, Кәсіподақтың, Кеңес мүшелерінің ұсыныстарының негізінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану, кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша бірлескен іс-қимылдар бағдарламасын әзірлеуді;

3) ұйымның қызметкерлеріне:

- жұмыс орындарындағы жағдайлар мен еңбекті қорғау күйі туралы;

- еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестациялау нәтижелері туралы;

- Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі, санитарлық нормалар мен ережелері саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер туралы хабарлауды;

4) тоқсандағы жұмыс қорытындылары бойынша өндірістік жарақаттар мен кәсіби аурулардың себептерін зерделеуді, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігін талдауды, ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың нақты күйі туралы ақпараттық-талдау материалдарын дайындауды;

5) қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ауыр дене еңбегін жою мақсатында, өндіріске неғұрлым озық технологияларды, жаңа техниканы енгізуді;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға арналған қаражатты игеруге бағытталатын ұйым қаражаттарының жұмсалуына бақылауды жүзеге асыруды;

7) санитарлық-тұрмыстық жайлар мен санитарлық-гигиеналық құрылғылардың күйін, қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуді, оларды пайдаланудың дұрыстығын, емдік-профилактикалық тамақтанудың берілуін бақылауды;

8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты жетілдіру, қызметкерлердің денсаулығын сақтау және жақсарту, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтайтын қызметкерлерді моральдық және материалдық көтермелеу жүйесін құру бойынша ұсыныстар дайындауды және жұмыс берушіге енгізуді;

9) ұйымда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың сақталуын насихаттау, қызметкерлердің еңбек заңнамасы талаптарының сақталуы үшін жауапкершілігін арттыру жөніндегі жұмыстарға қатысуды;

10) ҚМД сапалы толтыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;

11) ұйымдардың кәсіподақ комитетінің төрағасына және жұмыс берушіге есептік кезеңдер бойынша ақпарат беруді орындайды.

14.1. Техникалық инспекторлар мен өндірістік кеңес мүшелері Өндірістік кеңестерге есеп береді. Өндірістік кеңестер, өз кезегінде, жұмыс берушіге, сондай-ақ Кәсіподақтың ОК өңірлік филиалына немесе/және Кәсіподақ ОК өкілдеріне есептік кезеңдегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі есептерді ұсынады.

Кәсіподақ филиалдары мен Кәсіподақ ОК өкілдері, сондай-ақ жергілікті кәсіподақтар Кәсіподақ ОК Аппаратына белгіленген нысан бойынша тоқсан сайынғы есептер береді.

Компанияның өңірлік деңгейдегі филиалдары тоқсан сайынғы есептерді ЦРПБ мен ЦБТ-ға береді.

4. Құқықтары

15. Кеңестің белгіленген тәртіппен төмендегілерге құқығы бар:

1) Жұмыс берушіден жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларының күйі, өндірістік жарақаттар мен кәсіби аурулар, қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың бар болуы және олардан қорғану шаралары, денсаулыққа зиян келтіру қауіпінің бар екендігі туралы ақпарат алуға;

2) Кеңес отырыстарында Жұмыс берушінің (оның өкілдерінің), ұйымның құрылымдық бөлімшелері басшыларының және басқа да қызметкерлерінің жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі жағдайлары мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттемелерін орындауы және қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға құқықтарының кепілдіктерінің сақталуы туралы есептерін тыңдауға;

3) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасын бұзумен байланысты еңбек дауларын шешуге көмектесуге;

4) Жұмыс берушіге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормалардың, қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын бұзғаны үшін қызметкерлер мен лауазымды адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

5) ұйымда салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі жұмысқа белсенді қатысқаны үшін қызметкерлер мен лауазымды адамдарды моральдық және материалдық көтермелеу туралы ұсыныстар енгізуге;

6) Кеңес құзыреті шектерінде қаралатын әр мәселе бойынша, Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес, қызметкердің өміріне және денсаулығына қатер төндіретін ауыр зардаптарға апаруы мүмкін қателерді болғызбайтын шешімдер қабылдауға;

7) Кеңестің барлық мүшелеріне, соның ішінде еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторға, қызметкердің өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдай туындаған жағдайда, Кеңестің, ол туралы жұмыстар басшысына және жұмыс берушіге хабарлай отырып, цехтердің, өндіріс учаскелерінің, жабдықтардың, көліктің және т.б. жұмысын тоқтату және тыйым салу өкілеттіктерін беру құқығы бар.

5. Қызметін ұйымдастыру

16. Кеңесті Төраға басқарады.

17. Кеңес төрағасын лауазымына тағайындау және лауазымынан босату, Кеңес белгілеген тәртіппен екі жылдық кезеңмен ротациялық негізде жүргізіледі.

18. Кеңес өз қызметін, өзі әзірлеген және Кеңес отырысында қабылданатын және төраға бекітетін регламентке және жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

19. Кеңес өз қызметінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Салалық келісімді, ұжымдық шартты, осы Ережені және ұйымның өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

20. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттар мен кәсіби аурулардың алдын алу жөніндегі жұмыс беруші мен қызметкерлердің бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды тексеруін ұйымдастырады.

21. Кеңес, Кәсіподақпен бірлесіп, жұмыс берушіге еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға 3 күнге дейін жыл сайынғы ақысы төленетін қосымша еңбек демалысын беру туралы ұсынымдар береді.

«Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы» үлгі ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының және оның еншілес ұйымдарының еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторы туралы үлгі ереже, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттар мен кәсіби аурулардың алдын алу және қызметкерлердің денсаулығын сақтау бойынша жұмыс берушінің, қызметкерлердің, кәсіби одақтардың бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастыру үшін 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес әзірленді.

2. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор (бұдан әрі – техникалық инспектор) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылауды жүзеге асыратын, жұмыс берушінің есебінен кадрлар біліктілігін көтеруді жүзеге асыратын ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқудан және білімін тексеруден өткен, жоғары немесе орта техникалық білімі бар, белгіленген үлгідегі Куәлігі бар, қызметкерлердің өкілі болып табылады.

3. Техникалық инспектордың әрекеттеріне шағымды Кәсіподақ комитеті, Кеңес қарайды, ал ол қабылдаған шешімнің күшін жоғары тұрған Кәсіподақ органы жоя алады.

2. Міндеттері

5. Техникалық инспектордың негізгі міндеттері:

1) ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметімен өзара әрекеттесу;

2) жұмыс істеп жатқандарға салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау үшін ішкі бақылауды жүзеге асыру, жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулардың алдын алу, қызметкерлерге, олардың өздерінің еңбек міндеттерін орындауымен байланысты келтірілген мертігуді немесе денсаулығына өзге де келтірілген зиянды дер кезінде тексеруді, зиянның толық көлемде өтелуін бақылау болып табылады.

3. Функциялары

6. Функционалдық міндеттерді орындау Кәсіподақ комитетінің және/немесе Кеңестің басшылығымен жүзеге асырылады;

7. Негізгі міндеттеріне сәйкес техникалық инспектор мынадай функцияларды орындайды:

1) ұжымдық шарттар жасасу жөніндегі, жұмыс берушінің жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларын жасау жөніндегі жұмысқа бақылауға қатысады;

2) қызметкерлер мен жұмыс берушінің келісімдерде, ұжымдық шартта көзделген міндеттемелерді орындауын тексереді;

3) ұйым басшылығымен бөлімшелер мен цехтердегі (жұмыс жоспарларына сәйкес) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау күйін тексеруге қатысады;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі, оның ішінде мемлекеттік еңбек инспекторлары жүргізетін тексеру қорытындылары бойынша іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

5) еңбек жағдайларының өзгеруіне, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнаманың бұзылуына, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлігінде келісімдер мен ұжымдық шарттардың міндеттемелерін орындамаумен байланысты еңбек дауларын қарау жөніндегі комиссияға қатысады;

6) жұмыс орындарын аттестаттау жөніндегі комиссиялардың жұмысына, нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес қайта құрылымдағаннан және жетілдіруден кейін өндірістік объектілерді, жаңа жабдықтарды сынауға және пайдалануға қабылдауға және жаңа технологияларды енгізуге қатысады;

7) қызметкерлердің арнайы киім мен аяқ киімді, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын киюіне, ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі шараларға бөлінген қаражаттың игерілуіне бақылауды жүзеге асырады;

8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерге, нормативтік-техникалық құжаттарға ұсыныстар мен толықтырулар енгізеді;

9) анықталған сәйкессіздіктер мен бұзушылықтарды ӨҚБЖ (Өндіріс қауіпсіздігінің біріктірілген жүйесі) жүйесіндегі ҚМД («қауіпсіздіктің мінез-құлық диалогтары») модуліне енгізеді;

10) тоқсан сайын Кеңеске орындалған жұмыстар, анықталған «кедергілер» және оларды жою шаралары туралы есеп береді.

4. Құқықтары

8. Техникалық инспектордың белгіленген тәртіппен төмендегілерге құқығы бар:

1) техникалық инспекторға жүктелген функционалдық міндеттерді орындау үшін Жұмыс берушіден және өзге де лауазымды адамдардан қажет ақпарат пен түсіндірулерді, оның ішінде жазбаша нысанда да, алуға;

2) еңбек міндеттерін орындау кезінде ақпаратты қабылдау және/немесе жіберу мақсатында, техникалық және өзге де құралдарды, компьютерлік, көшіріп-көбейту және басқа да ұйымдастыру техникасын, тиісті байланыс және коммуникациялар жүйелерін, деректер қорын және т.б. пайдалануға;

3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және өзінің біліктілігін арттыруға;

4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Ұжымдық шартқа сәйкес барлық белгіленген құқықтар мен жеңілдіктерді пайдалануға;

5) ұйым Кеңесінің жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

6) қызметкердің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдай туындаған жағдайда, жұмысқа тыйым салуға және туындаған жағдайды жою

немесе осы учаскедегі жұмысты тоқтату бойынша шаралар қабылдау үшін бұл туралы жұмыс басшысына және Жұмыс берушіге хабарлауға;

7) «Темір жол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіподақ одағы» қоғамдық бірлестігінің, ұйымның кәсіподақ комитетінің (бөлімшесінің), Кәсіподақ ОК филиалының, Кәсіподақ ОК өкілінің, жергілікті Кәсіподақ төрағасының, сондай-ақ Жұмыс берушінің атынан жұмыстағы жақсы көрсеткіштері үшін көтермелеуге;

8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерінде бұзушылықтардың туындауы қатерін тудыруы мүмкін жағдайлардына қасақана мән бермеген техникалық инспектор еңбек заңнамасына сәйкес жауапты болуы тиіс;

9) өндірістік жарақаттың алдын алу бойынша сапалы және белсенді жұмысы үшін 3 күнге дейін жыл сайынғы ақысы төленетін қосымша еңбек демалысының берілуіне.

5. Қызметін ұйымдастыру

9. Техникалық инспекторларды Кәсіптік одақ, ал ол болмаған жағдайда – ұйым қызметкерлері ішінен қызметкерлердің жалпы жиналысы, оған қызметкерлердің кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда, көпшілік дауыспен сайлайды.

10. Техникалық инспектор өз қызметінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Салалық келісімді, ұжымдық шартты (еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі келісім), осы Ережені және ұйымның өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

11. Қойылған міндеттерді орындау үшін қызметкерлердің өкілдері мен Кеңестің құрамына кіретін, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеру жөніндегі емтихан комиссияларына қатысатын адамдар, үш жылда кем дегенде бір рет кезеңді түрде жұмыс берушінің қаражаты есебінен тиісті білім беру ұйымдарында біліктілікті арттыру курстарында оқудан және білімдерін тексеруден өтеді.

12. Жұмыстарды жүзеге асыру үшін техникалық инспекторға арнайы белгі, белгіленген үлгідегі куәлік беріледі, жүргізілген тексеру қорытындылары бойынша ол еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау туралы нұсқаулар береді (*№ 1, № 2-қосымша*).



КУӘЖІК

Құжат № _____

Фотоға
арнаған орын
3*4

төзі

аты

әкесінің аты

Бастық қосынды, ұланың аты

Лауазымы _____

Сайлаудың өткен күні « ____ » ____ 20__ ж.
Хаттама № _____

Қолданыс мерзімі 20__ ж. « ____ » ____ дейін

Кәсіподақ комитетінің
төрағасы _____

(Төзі және аты-жөні, қолы)

МО

Ұйымның (филиалдың,
бөлімшенің, цехтың) атауы

**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі анықталған
бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау туралы нұсқаулар**

_____ қ. 20__ ж. «__» _____

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің, «Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы ереженің» және Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын төмендегі бұзушылықтарды жоюды талап етемін:

Р/б №	Анықталған бұзушылықтар және оларды жою жөніндегі талаптар	Орындау мерзімдері	Ескертулер

Нұсқауда көрсетілген мерзімдер аяқталғаннан кейін Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңеске оның орындалуы туралы жазбаша хабарлама тапсырылсын _____

Ұйымның атауы

Техникалық инспектор _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)

Нұсқауларды алдым _____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)